

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
ЕСІЛ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

**ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖУРГІЗІЛДІ**

2021 ж. «15» қаңтар
680840000018
Алғашқы орталық мәдениеттік мекемесінің № 20.02



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/3 қаулысымен
бекітілген



**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім
бөлімі Тимашевка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Тимашевка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) тәрбиелік, білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық - құқықтық нысанында құрылған, занды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, Зандарына, Президенті мен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.
4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі (бұдан әрі-құрылтайшы) болып табылады.
5. Тиісті саланың уәкілетті органы «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.
6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Тимашевка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі».
7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 020423 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Тимашевка ауылы., Гагарин көшесі, 1а.

2. Мемлекеттік мекеменің занды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері болады.

9. Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа занды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік - аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапкершілікке ие болады.

11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық - құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелуден өткеннен кейін, өз күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің пәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің пәні білім алушыларды жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мұддесінде оқыту және тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беруді жүзеге аспару болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оку бағдарламаларын меңгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базалық негіздерін менгеруді қамтамасыз ету;

3) жеке адамның шығармашылық, рухани және құш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдеп-ғұрпты мен дәстүрлерін зерделеу;

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдай жасау;

8) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

9) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

10) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

14. Мемлекеттік мекеменің жанында мектепке дейінгі «Айналайн» шағын орталығы толық келу күнімен жұмыс істейді, ол келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі жастағы балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қымыл жасау;
- 5) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

15. Мемлекеттік мекеме оқу процесін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарларын, оның ішінде оқу процесін жүзеге асыратын қысқартылған оқу жүктемесі бар оқу жоспарларын дербес таңдайды.

17. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машиқтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық түрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлыш мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

18. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі айқындауына және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

19. Мемлекеттік мекемеде оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекемеде оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық қүнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

21. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери обьектілерде, зерттеу

зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табигатта) өткізеді.

22. Білім алушылардың оку жүктемесі, сабак режимі МЖМБС, санитариялық қағидалар, ұлгілік оку жоспарлары және денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік мекеме бекіткен Ережемен айқындалады.

23. Мемлекеттік мекемедегі сабактар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

24. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады

25. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің ұлгілік оку бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында, мемлекеттік мекеме «Білім алушылардың ұлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды атtestаттау өткізуіндегі ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың ұлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды атtestаттауды жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік мекеме автоматтандырылған ақпарат алмасуды және білім беру саласындағы уәкілетті органының ақпараттық жүйесімен деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер базасында деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

27. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың ұлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады

28. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттар негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бүйрығымен жүргізіледі.

29. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы білім берудің зайырлы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бүйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес келуі керек.

31. Оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

32. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы оқушылар санына кірмейді.

33. Сыныптардың толықтырылуы 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді.

Тиісті мемлекеттік органдармен шектеу іс – шаралары, оның ішінде, карантин, төтенше жағдай енгізілген жағдайларда сыныпта 15 білім алушыға дейін болатын сынып - жиынтықтар қалыптастырылады.

34. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны, шағын орталықтағы оқу жүктемесінің ең көп көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарымен белгіленеді.

35. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдеп жөніндегі кеңес) құрылады.

36. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік мекемеден шығару құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны үшін, білім беру үйімінде жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін уәкілдегі органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған қемелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталықтан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) мемлекеттік мекеме мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт өткен жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы айғақтардың болған жағдайда.

37. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

3) білім беру үйімдарында ақпараттық ресурстарды, оның ішінде мүгедектер, кемтар балалар үшін қолжетімді нысанда тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік

күралдармен, оның ішінде мүгедектер, кемтар балалар үшін дайындалғандармен қамтамасыз етуге жол берілмейді;

4) спорт, оқу, салтанатзалдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалану;

5) өзінің пікірін және сенімін еркін білдіруге;

6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

7) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін мадақтауға.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндettі:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағыларды және құзыреттерді менгеру, ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру ұйымының жарғысында көзделген талаптарды сактауға;

2) өз деңсаулығын күтүге, рухани және дене бітімін жетілдіруге ұмтылуға;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды сактауға;

4) өздері білім алатын оку орнының дәстүрлерін, педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеугеміндettі;

38. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдері құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, міnez-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпаратты алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуға.

Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер міндettі

1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене бітімінің дамуын, адамгершілік тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

3) балалардың оқу орнындағы сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

4) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

6) білім беру ұйымында белгіленген киім нысанын сактауға міндettі.

39. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндettterі:

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;;
- 2) лауазымды және басқа да адамдар тараپынан заңсыз қарым-қатынастан және кедергіден қорғануға;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тараپынан мамандыққа құрметпен қарауға және тиісті мінез-құлыққа;
- 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуғе;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдау;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;
- 16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадақтауға;
- 17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашак» халықаралық стипендиясы бойынша тәтірибeden өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілерін әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасын етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндettі мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортага ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қыын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына Қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) көмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндettі.

Педагогтың білім беру процесінде саяси үгіттеуге, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру үшін, азаматтардың әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілілігі, діни немесе тілдік қатыстылығы, олардың дінге көзқарасы белгісі бойынша айрықшалығын, артықшылығын не кемдігін

насихаттайтын үгіттеу үшін, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының, білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлттарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлөрі туралы дұрыс емес мәліметтер беруге, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеге құқығы жок.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жаупкершілікке тартылады.

40. Мемлекеттік мекеме «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес қызметтер көрсетуге құқылы.

Мұлікті жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірісті мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

41. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

42. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жок.

43. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

44. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалғантиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

45. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мұлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;

- 4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мұлікті алыш қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

46. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

47. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

48. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

49. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатынөз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

50. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

51. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тәжірибеге, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртіп мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындастын қызметкерлерден

басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мадақтау және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің озге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

52. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады;

1) оған меншік иесі берген мүлікті;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

53. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

54. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсептің ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

55. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

56. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

57. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

58. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

59. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

60. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

61. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

9. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

62. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

63. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

64. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

65. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Басшы

Т.А.Ә.

қолы